

*М. Б. Бектұрғанов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды  
Академиясының 1-бағам тыңдаушысы  
Фылыми жетекшісі: Б. Д. Әбіләзина, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды Академиясының ІІО басқару кафедрасының аға оқытушы*

## **ДҮНИЕ ЖҰЗІЛІК ӨРМЕК ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚ**

Заң статистикасының бюросының мәліметі бойынша, 2005ж әрбір 10-ші американдық алайқтардың құрбаны болды. Бұл мәліметтер сұраныстардың негізінде алынды, бірақ істін

нақты жағдайын толық ашпайды. Осы сұраныстардың негізінде 2005 ж. алайқтық туралы полиция белімшесіне 49 % жәбірленуші хабарлады. Әдеттегі алдамшылардың құрбаны- білім мен табысы аздау қарт адам болыш табылады.

Мысалы ретінде, 1998 ж бастап Марк Броуни деген адам, кем дегендे 6 алайқтылық 1 ғана әдістің схемасы бойынша жасаған. Ол шеберлік дүкенін ашып, өте төмен баға бойынша тұрмыстық электроникаларды алу ұсынысымен адамдарға телефон шалған. 10-20 мың долларды жинап Броуни жоғалып кеткен. Статистиканың көрсетуінше, АҚШ-та құрбандарды алдаудың келесі әдістері өте сәтті жүзеге асырылады: хабарлама, өмірде бір рет болатын ұсынылған затты өте арзан бағага сатып алудың мүмкіндігі, ақшалай сыйлықты алуына уәде беруі, адамның денсаулығының жақсаруына уәде беруі, құпиялы ақпаратты ұсына отырып, құрбанына табыс табуға мүмкіндік беретін және тұтынушының ойна келмейтін адасқан ережелерді қолданыту. Сонымен бірге мүмкіндігі жоғары құрбандармен хабарласа отырып, алайқтар өздерінің қызметін заңды деп айтады. Олар жақсы танымал және қомақты фирмалардың атауларын иемденуге тырысады (Мысалы, оларды тұтынушылар Ivanov & Co компаниясының қызметкерінің орнына, Evanov & Co деп қолданады).

Қалай миллион ұрлауға болады? Несиелік карточкалар арқылы ақпараттар ұрлау. Несиелік карточканың иесі туралы жеке мәліметтерді алған алайқтар, интерент-дүкендерге онымен төлеуге, банкілік несиelerді алуға, үйді жалға алуға, жәрдемақыларға үміткер болуға және т. б.

Американдықтардың 90 % үлкен немесе кіші соммаларды түрлі қайырымдылық мақсаттарына құрбан етеді. Осыны алайқтар пайдаланады. Олар жай ғана жалған қайырымдылық қорын ұйымдастырып, қандай да бір қайырымды іске арналған және ашық түрде құрбандарды жинаиды.

#### Келесі түрі жұмысты ұсыну

Алайқтар оларға үйдегі ынғайлы жұмысты ұсынады. Бірақта құрбандарға ұрланған баға бойынша көрсетілген шығын материалдарын төлеуге тұра келеді, кепілдік, кіру төлем ақысын немесе сынау мерзімі ретінде уақытша тегін жұмыс істеу.

#### Қалай алайқтың құрбаны болуға болмайды?

1. Егер шындықты көрсететін бір нәрсе тым жағымды естілсе- бұл жалған;
2. Жарнама алдауы мүмкін. Ешқашанда жарнамаға сенбеніз;
3. Келісімшарттың барлық тармақшасын ұқыпты оқыныз;
4. Көзіңіз жетпегенше келісімнің барлық жағдайлары түсініксіз және көніліңізге қонымды болмаса, қолыңызды қойманыз. Егерде сізге түсініксіз болса, түсініктеме талап етіңіз.
5. Әрқашанда компанияның мекен-жайын, телефонын және басқа да координаттарды біліп алыңыз және ол туралы анықтама жасауға тырысыңыз (АҚШ-та бұл істі арнайы организация Business Bureau атқарады, жәбірлеген тұтынушылардың құқықтарын қорғау рөлін жүзеге асырады);
6. Сіздің аймағыңызда орналаспаған фирмаларға сенбеніз;
7. Егер сізге телефон бойынша коммерциялық ұсыныстар жасаса, онда әрқашанда хаттық үлгідегі толық ақпараттың сізге жіберілуін талап етіңіз.

Тәжірибе жүзінде ақпаратты қорғау деп деректерді енгізу, сақтау, өндеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат пен қорлардың тұтастырын, қол жеткізуілік оңтайлығын және керек болса, жасырындылығын қолдауды түсінеді. Сонымен, ақпаратты қорғау — ақпараттың сыртқа кетуінің, оны ұрлаудың, жоғалтудың, рұқсатсыз жоюдың, өзгертудің, маңызына тимей түрлендірудің, рұқсатсыз көшірмесін жасаудың, бұғаттаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар кешені.